

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті педагогика және психология жоғары мектебінің докторанты А.Д. Шакированың 8D01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі инновациялар жаңа бағыттар тудырып, білім беру сапасына тың талаптар коюда. Бұл әсіресе, Болондық келісімге қол қойып, бірыңғай европалық және халықаралық білім беру кеңістігіне кіруіне байланысты маңызды болып отыр.

Қазақстандық білім беруді модернизациялау концепциясында негізгі міндеттердің бірі ретінде, қоғамның кәсіби-еңбек, мәдени-білім және интеллектуалды әлеуетін жоғарылататын педагогтардың сапалық дамуын шешу көзделген.

Қазіргі мұғалімнің кәсіби сала әрекетіндегі жетістігі, ең негізгі жүргізуші шарты – педагогикалық қабілет болып табылады. Олай болса, болашақ педагогтарды даярлауда кәсіби қабілеттерді жылдам машықтандыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік-психологиялық тренингтерді оқу үрдісіне еңгізу арқылы білім қалыптастыру, теориялық қана емес, практикалық іс-әрекетпен байланысты болғандықтан өте нәтижелі болып есептеледі. Бұл аталған мәселелер А.Д. Шакированың «Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің өзектілігін анықтап берді.

Диссертация мазмұны зерттеу жұмысының тақырыбын айқындайды және өзара байланысы бар. Диссертация тақырыбына жұмыстың мақсаттары мен міндеттері сәйкес келеді. Автор жұмысты орындау барысында диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдарының өзара логикалық байланысын толық сақтаған. Зерттеу жұмысында келтірілген шешімдер мен әдістер дәлелденді, шешімдер салыстырылып бағаланған және сыни талдау бар.

Диссертациямен жұмыс барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, қажетті құжаттаманы байыпты талдау және жалпылау нәтижесінде қазақстандық және әлемдік ғалымдардың ғылыми еңбектері зерделеніп, жан-жақты талдау жасалынды.

Сондай-ақ, кәсіби тұрғыда тұлғалық мүмкіндіктері қалыптасқан, педагогикалық қабілеттері дамыған болашақ мамандарды даярлау үшін әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі қатаң логикамен және оның құраушы компоненттерінің негізділігімен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында докторант А.Д. Шакирова мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізді: әлеуметтік-

психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту мәселесінің теориялық негіздемесін жасады; білімгерлердің педагогикалық қабілеттерінің негізгі параметрлік сипаттамаларын әлеуметтік - психологиялық тренингте нақтылады; болашақ педагогтарды даярлау барысында білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық тренингтер білімгер тұлғасының кәсіби мамандануында әсер етудің тиімді әдісі екенін көрсетті; жоғары оқу орындарында білім алушылардың педагогикалық қабілеттерін дамытуды зерттеу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастырды және өткізді; педагогикалық қабілеттердің даму ерекшеліктері тұжырымдалды.

Сонымен қатар, «Әлеуметтік-психологиялық тренинг (педагогикалық қабілеттелік)» білім беру бағдарламасының мазмұнын, «Әлеуметтік-психологиялық тренинг оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету тренингтік курсы» әзірледі және сынақтан өткізді. А.Д. Шакирова зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша отандық және шетелдік басылымдарда 13 ғылыми еңбектерін жариялады, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарында 4, шетелде өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3, халықаралық ғылыми журналдарында жарық көрген ғылыми еңбектер 3, республикалық ғылыми журналдарда 1 және 1 басылым Scopus дерекқор қатарына кіретін шетелдік International journal of Emerging Technologies in Learning журналында жарияланған. «Әлеуметтік-психологиялық тренинг: педагогикалық қабілет» атты оқу-әдістемелік құралы диссертациялық жұмыстың құндылығын арттырады.

Қазіргі кезде әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы оқытудың аса маңызды екендігі атап көрсетілуде. Осы жағдайда Қазақстанда тұңғыш рет А.Д. Шакирова өз зерттеуінде осы мәселені көтеріп, педагогикалық қабілеттерді дамытудағы тиімді әдістерін жаңашыл сипатта дәлелдеді. Әлеуметтік-психологиялық тренинг форматындағы оқу процесінің тиімділігі қатысушылардың өз позициясын қабылдау және трансляциялау қабілеті, олардың топтық, тұлғааралық өзара әрекеттестікке қатысуы, қарым-қатынастың әртүрлі стильдерімен тәжірибе жасау қажеттілігі, психологиялық жайлылық пен қауіпсіздік атмосферасының болуы арқылы көрінеді. Мұның бәрі педагогикалық қабілеттердің дамуына ықпал етеді және тұлғааралық өзара әрекеттесу мәселелерін тиімді шешуге көмектеседі.

Зерттеудің нақтылығы мен ғылыми жаңалығының дәрежесін оң бағалай отырып, диссертацияның айтарлықтай практикалық маңызы бар екенін атап өткен жөн, өйткені оның материалдарын ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде, жоғары оқу орындарында магистранттар мен докторанттар одан әрі зерттеулер жүргізген кезде қолдана алады; педагогикалық қабілеттерді дамыту бойынша әзірленген ұсыныстар осы үдерісті одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Докторант А.Д.Шакированың теориялық дайындығы өте жақсы. Ол дербес әрі терең ойлау қабілетімен, өнімді болжамдарды ұсыну ерекшелігімен, тиісті зерттеу әдіснамасын таңдаумен және ұсынылған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен ерекшеленеді.

Диссертант дербес әрі терең ойлау қабілетімен, жұмысына жауапкершілікпен қарайтындығы, педагогика және психология саласында жеткілікті білімі бар екені, өз мамандығына кәсіби шеберлігімен әрі қызығушылығымен қарайтыны, тиісті зерттеу әдіснамасын таңдаумен және ұсынылған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен ерекшеленеді.

«Әлеуметтік-психологиялық тренинг арқылы білімгерлердің педагогикалық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады, бұл Арайлы Далелқызы Шакированы «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санауға мүмкіндік береді және көпшілік алдында қорғауға рұқсат етіледі.

Отандық кеңесші:

Әл-Фараби атындағы **Қазақ**
Ұлттық университетінің **жалпы**
және қолданбалы **психология**
кафедрасының **доценті,**
психология **ғылымдарының**
докторы



Н.К. Токсанбаева

